

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ
ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫНАН

А.Ә.Қабыл

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Қазақстанның ғылыми-ағарту орталығы саналатын музей мекемелерінде тарихи құндылығы бар көптеген материалдық мәдениет және тұрмыс ескерткіштері сақталуы. Ата-бабаларымыздың қалдырып кеткен қолтаңбасы-мұралық заттарды өнеге тұту жастарды парасатылыққа үйретеді. Жас толқының міндетті түрде өз өлкесінің тарихы туралы жан-жақты білімі болуы керек.

Оңтүстік Қазақстанның ежелгі тарихына қатысты деректер ХІХ ғасырдың екінші жартысында жинала бастады. Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның Ресейге қосылуына және Түркістан мен Сырдария облыстарының құрылуына байланысты жаңа өлкеге деген қызығушылық пайда болды. Мысалы, 1866 жылы орыс шығыстанушысы П.И.Пашино Сауран қалашығын сипаттап жазды. Орта ғасырлық қалаларды ғылыми зерттеу сондай-ақ белгілі орыс ғалымы П.И.Лерхтің есімімен байланысты. Оңтүстік Қазақстанның орта ғасырлық тарихы мен археологиясына В.В.Бартольд зор үлес қосты. Ол Оңтүстік Қазақстанның тарихи даму картинасын жасап қана қоймай, алғашқылардың қатарында арнайы зерттеулердің нәтижесінде алынған археологиялық материалдарды дерек көзі ретінде пайдаланады. В.В.Бартольдтің ғылыми жетістіктерінің ықпалымен Ташкентте 1895 жылы алдыңғы қатарлы орыс зиялыларының өкілдері ұйымдастырған археология әуесқойларының үйірмесі жұмыс істей бастады. Үйірме шығаратын "Протокол" беттерінде Оңтүстік Қазақстан аймағының ескерткіштері туралы А.А.Диваевтың, Н.П.Остроумовтың, Н.В.Рудневтің, Н.С.Лыкошиннің және т.б. хабарлары жарық көре бастады. 1904 жылы үйірме мүшелері К.А.Кларе мен А.А.Черкасов Отырар қалашығына қазба жұмыстарын жүргізеді. Бұл жұмыстар сол кездегі нашар әдістеме бойынша жүргізілгеннің өзінде олар жаңа қызықты ғылыми деректер берді [1].

Оңтүстік Қазақстан территориясындағы ескерткіштерді зерттеудің төңкеріске дейінгі кезеңін сипаттай отырып, осы уақытта шығыстанушылар, археология әуесқойлары, археологиялық Түркістан үйірмесінің мүшелері ескерткіштерді тауып, оларды сипаттау, қазба жұмыстарын жүргізу бойынша үлкен жұмыстар жасағанын атап өту қажет. Сонымен қатар ескерткіштерді қорғауға, ежелгі дүние коллекцияларын сақтауға, өткеннің мәдени мұрасын насихаттауға біршама күш-жігер жұмсалды.

Ұлы Қазан төңкерісінен кейін, 1919 жылғы Ресей материалдық мәдениет тарихы

Академиясын құру туралы декрет негізінде ескерткіштерді қорғау жөнінде нақты іс-әрекеттер жасалып, оларды зерттеу басталады. Орта Азия мен Қазақстанда археологиялық қазба жұмыстары XX ғасырдың 20 жылдарының басында музейлер мен ескерткіштерді қорғау жөніндегі комитеттің басшылығымен жүргізіледі. Комитет мүшелері П.П.Иванов пен М.Е.Массон Сайрам қалашығын зерттейді. Дегенмен Ұлы Отан соғысына дейінгі атқарылған жұмыстар Шығыс Қазақстанда, Жетісуда ғана шоғырланып, Оңтүстік Қазақстанда іс жүзінде зерттелмеді деуге болады. Тек 1946 жылдан бастап, Қазақ ССР Ғылым Академиясы құрылған кезден оның құрамындағы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты Оңтүстік Қазақстан облысында зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады. Белгілі археолог-ғалым, қазақ археологиясының атасы болып саналатын Ә.Х.Марғұлан басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Қаратаудың солтүстік беткейіндегі орта ғасыр қалаларының орнына қазба жұмыстарын жүргізді.

1947 жылы А.Н.Бернштам, одан соң Е.И.Агеева басқарған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициялары өз зерттеулерін кеңінен өрістетті.

1947-49, 1953-54 жылдары жұмыс орны ретінде Отырар оазисі таңдап алынды.

Облыстың Түркістан, Шойтөбе, Сүткент, Созақ қалашықтары, ертедегі егіншілік қоныстары Тарсантөбе мен Ақтөбе-Алтынтау, Бөржар қорғаны және т.с.с. зерттелді [2].

1953-54, 1957-59 жылдары Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Қаратаудың солтүстік бөктеріндегі ескерткіштерді Баба-ата қалашығын, ежелгі егіншілік қонысы Ақтөбені, қола дәуірінің қорғаны Таутарды қазып, жартастағы суреттерді зерттеді. 1957 жылы Х.А.Алпысбаев басқарған Қаратау палеолиттік отряды өз жұмысын бастап, ол Қазақстанның оңтүстігіндегі палеолиттік орындарды (негізінен Қаратау тауларында) анықтаған болатын.

1961-63 жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясының Шардара археологиялық экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізеді /1:11/. 1966 жылдан Оңтүстік Қазақстан облысында Жетісу археологиялық экспедициясы, ал 1969 жылдан Отырар археологиялық экспедициялары жұмыс істеді, соңғысы 1971 жылы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы болып өзгертілді [3].

Зерттеулер әртүрлі кезеңдердің ескерткіштерін-палеолит дәуірінің тұрақтарын, ежелгі егіншілік қоныстарын, XIV-XIX ғасырлардағы қазақтардың қыстауларын, ертедегі және орта ғасырлардағы суландыру жүйелерін, қорғандар мен жартас суреттерін қамтыды.

Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясынан басқа облыс аумағында 1964 жылдан Шымкент педагогика институтының археологиялық экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізіп келді. Оның зерттеу саласында ертедегі егіншілік мәдениетінің қоныстары мен қорғандары, орта ғасырлық қалашықтары бар.

Енді облыс жерінде Сырдария, Арыс, Бөген, Арыстанды, Шаян секілді үлкенді-кішілі өзендердің бірі Келестің бойындағы көне мәдениет ескерткіштерінің зерттеу тарихына тоқталайық. Келес Сырдария өзенінің көне сағалаларының бірі, соңғы кездегі археологиялық зерттеулер барысында оның бойындағы жоталар мен тау қыраттары, адам баласы сонау тас дәуірінен бастап мекен етіп келе жатқанын дәлелдейтін деректер жинақталды. Бұлар көшпенділердің обалар тобынан бастап, қоныстардың, бекіністердің, елді мекендердің қираған қалдықтары болып есептелетін үлкенді-кішілі төбелер түрінде сақталған. Мұндай төбелерді Келес бойындағы қазіргі елді мекендердің маңынан ұшырастыруға болады. Демек, Келес бойындағы мекен-жайлар ертеден-ақ қазіргідей тығыз орналасқан деп жорамалдауға негіз бар.

Шындығында да Келес даласы археологиялық ескерткіштерге бай. Осылай бола тұра бұл өңір өте аз зерттелген. XIX ғасырдың аяғында Келес даласына ең алғашқы рет көңіл аударған өлкетанушы Е.Т.Смирнов. Кейіннен 1940 жылдары сақ тайпаларының мәдениетін зерттеуші, археолог С.В.Григорьев Қауыншы мәдениетінің ескерткіштерін зерттеу барысында Келестің бойына көз тіккен болатын. Ол Ташкент пен Шарапханана жалғастырып жатқан жолдың жағасында ерте дәуірлерге жататын үлкенді-кішілі төбелермен қатар мұсылман кезіне тән және оған дейінгі қалалар мен қоныстардың қалдықтары көптеп кездесетінің сөз ете келіп, бұл өңірдің көптеген бөлігі зерттелмей жатқандығын айтқан болатын [4].

Осыдан көп ұзамай 1947-1948 жылдары Оңтүстікте Ташкент оазисімен жалғастыру мақсатымен Келес өңірінде де бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Өкінішке орай бұл ауданда жүргізілген зерттеулер жоғары деңгейде болмады.

1957-1958 жылдары Қазақстанның археологиялық картасын құрастыру үшін

материалдар жинақтау мақсатымен Келес бойына А.Г.Максимов бастаған экспедиция негізінен, ескерткіштердің паспортын жасаумен ғана шектелді.

1982-1983 жылдары Келес бойында Шымкент педагогикалық институтының археологиялық отряды да бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы отрядтың жүргізген барлау жұмыстарының нәтижесінде Келес даласындағы орта ғасырлық ескерткіштердің (төбелердің) саны 37-ге жетті /4:20/. Бірақ бұлардың бірде-бірінде тұрақты қазба жұмыстары жүргізілген жоқ. Осының бәрін ескере отырып, 1992 жылы мамыр айында Келес археологиялық отряды құрылды. Отрядтың алдына қойған басты мақсаты - өзеннің бойындағы барлық ескерткіштерді есепке алып, мемлекеттің қамқорлығына өткізу. Жекелеген ескерткіштерге тұрақты түрде қазба жұмыстарын жүргізу де оның міндетіне жататынын айтуымыз керек.

Бүгінгі таңда М.О.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың тарих мамандығы бойынша білім алатын студенттер құрамынан археологиялық экспедиция жасақталып, Төле би ауданы, Екпінді аулындағы Біркөлік тау шатқалына қазба жұмыстары жүргізілуде.

Біркөлік шатқалы 1970 жылдың бірінші жартысында кәсіпқой археологтар Н.П. және А.М.Подушкиндер тарапынан зерттелген болатын [5].

2001-2002 жылдары атқарылған археологиялық жұмыстар біраз нәтижелер берді. Бұл жерде ерте темір дәуіріне жататын 30-ға жуық қорғандар, сондай-ақ XI-XII ғасырлардағы Қараханидтер кезеңіндегі керамика фрагменттері және шаруашылық ыдыс түрлері табылады. Бүгінгі таңда осы аймаққа археологиялық қазба жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

Өз елінің, халқының тарихын білу, өміріне арқау ету әр азамат үшін парыз, аудай қажеттілік. Демек, өткенімізді қалың көпшілікке жеткізу маңызды іс болмақ. Ғылыми - зерттеулермен Қазақстанның оңтүстік өңірінің тарихы кеңірек қозғалуы әрине, ізденіске байланысты. Өткен жылдар ішінде тарих тереңінен сыр тартар көптеген құнды жұмыстар атқарылды. Алдағы уақыттарда археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарына көбірек көңіл бөлініп, үлкен демеушілік жасалса, әлі талай тарихи сырлар ашылатыны сөзсіз. Осы негізде қоғамымыздағы оң өзгерістердің бірі материалдық және рухани мәдениет мұраларын, оның ішінде тарихи ескерткіштерді қорғау, сақтау мен жаңарту мақсатында маңызды іс-шаралар атқарылып жатыр. Оның бір айғағы “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламаның қабылдануы [6]. Халқымыздың әрқашан да кастерлейтін асыл қазыналары - осы мұралық үлгілер. Ескерткіштер ел тарихы десек, оны алтын көпір ретінде уақыттың көш керуеніне ілестіріп отыру - өскелең өмір талабы болып табылады.

Әдебиет

- 1 Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. Т.1. -Алма-Ата: Қазақстан энциклопедиясы, 1994. -298 б.
- 2 Байпақов К.М. Ортағасырлық қалалары: Сайрам, Отырар, Түркістан // Отан тарихы. -2000. №3-4.-78б.
- 3 Ақышев К.А. Ертедегі ескерткіштер елесі. -Алматы, 1976.-75 б.
- 4 Төлеев Д. Көне ескерткіштер зерттеу күтеді // Қазақ тарихы.- №1, 1994.-20-22 бб.
- 5 Байтанаев Б.А., Жолдасов С.З., Шабанов Е.И. Работа археологической экспедиции ЮКГУ им.М.Ауезова в урочище Бургулюк в 2001г. // Марғұлан оқулары-14. Ғылыми-практикалық конференция еңбектері.- Шымкент-Алматы, 2002.- 75-78 бб.
- 6 “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы // Қазақ тарихы, 2004. -№2. -35б.

Резюме

В этой статье рассматривается ход археологических исследований на территории Южного Казахстана и дается анализ вновь найденных археологических памятников. Вместе с тем, дана оценка научно-исследовательской работе, ее исполнению и достижениям, а также некоторым проблемам будущего.

Summary

The way of archeological researches on the territory of South Kazakhstan is considered in the given article. The analyses about new founded archeological monuments are also given. The value of present science-research work, use and achievements and also some problems of future are given in this article.